ТӘРТІП

Мемлекеттік қызмет: сапа рейтингіндегі І орын

2

АУЫЛ

Бітімде ғана береке бар

3

ТАРИХ

Жүсіпбектің жиені

4

АТАМЕКЕН

Музейдің ғажайып әлемі

4

Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№33 (19909)

3 наурыз, СЕЙСЕНБІ 2020 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

Ел көкейіндегі сауалдарға жауап

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен сенбіде informburo.kz сайтына сұхбат берді. Әңгіме барысында еліміздегі өзекті мәселелер қамтылды. Атап айтсақ, Президент ұлттық бірегейлік, бейбіт жиындар, қазақ тілінің келешегі туралы ой қозғады. Осы орайда, оқырманға Мемлекет басшысының сұхбатын ықшамдап ұсынуды жөн көрдік.

Президент Қ.Тоқаев өз сөзінде ақпараттық кеңістікте орын алып жатқан жайттарды үнемі тыңғылықты бақылайтынын мәлімдеді. Мемлекет басшысының сөзіне қарағанда, қоғамды толғандырған сұрақтарға қатысты өз ұстанымын түсіндіруді қажет деп шешкен.

Өз сұхбатында Президент Жамбыл облысына жұмыс сапарымен баратынын, Қордай ауданының қазақтар мен дүнгендер тұратын ауылдарының тұрғындарымен кездесуді жоспарлап отырғанын айта келіп: «Біз ұлтаралық, этносаралық қарым-қатынас мәселесіндегі амалдарымызды қайта ой елегінен өткізуге тиісті екеніміз сөзсіз. Қазақстан достық пен келісім аумағы болды және болып та қала береді. Біздің ұранымыз – әр алуандықтағы бірлік», деді.

Президент еліміздегі этносаралық келісім түсінігін қайта қарап, Қазақстан аумағын мекендеген бүкіл этнос өкілдері бір тудың астына жиылуының өзектілігін түсіндірді.

«Осы жерде тұрып жатқан халық, этностық топтар шындығына келгенде бір ұлт саналады. Шетелде бізді «қазақтар» деп біледі. Өйткені біздің мемлекетіміздің атауы дәл осы сөзбен астасып жатыр. Әрине, Қазақстанда тұрақты тұратын әрбір этностың өзіндік ерекшелігіне нұқсан келтіру жайында сөз де болмауы тиіс. Олардың барлығы өздерінің тілдерін оқып, қолдануға, мәдениеттерін дамытып, әдет-ғұрыптарын сақтауға құқылары бар және солай болып қала береді. Бұған қоса, қазақ тілі де жедел дамуы қажет. Қазақ тілі болашақта шын мәніндегі ұлтаралық байланыс тіліне айналуы керек», деді Мемлекет басшысы.

Қазіргі таңда елде бейбіт жиындарға қатысты заң жобасы жан-жақты талқыланып жатқаны белгілі. Президенттің тапсырмасымен жүзеге асып жатқан бұл бастама сарапшылар тарапынан жоғары бағаланды. Әйтсе де, заң жобасын тыңғылықты зерделеген заңгерлер кейбір ережелерді сынға алды. Қ.Тоқаев осыған байланысты өз ұстанымын білдірді.

«Бейбіт жиындар өткізу азаматтарымыздың Конституциямен кепілдік берілген құқығы және жергілікті билік бөлген, бұған қоса қаладан тысқары емес жерлерде өткізе алады. Конституциялық құрылымды бұзуға бағытталған кез келген ұмтылыс, сонымен қатар экстремистік зорлық-зомбылық көріністері заңнамаға сәйкес тоқтатылады. Бұл еліміз азаматтарының басым бөлігінің мүддесі үшін жасалады. Бұған қоса, бейбіт жиындарды өткізудің тек хабарландыру тәртібін енгізу түбегейлі маңызды деп санаймын», деді Президент.

2-бет.

МӘЖІЛІС

Жауапты кезең міндеттері

Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың төрағалық етуімен облыстық әкімдіктің аппарат мәжілісі өтті. Аймақ басшысы алдымен кадрлық өзгеріске қатысты қысқаша хабарлама жасап, облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы қызметіне Ғалым Едігеев тағайындалғанын жеткізді. Оның еңбек жолымен таныстырып, жаңа қызметінде сәттілік тіледі. Ғ.Едігеев осыған дейін аталған басқарма басшысының орынбасары болды.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Мәжілісте әуелі білім саласындағы жаңа басқару жүйесі туралы облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бағдат Бердәулетов хабарлама жасады.

Оның атап өткеніндей, жаңа басқару жүйесі бойынша бұған дейін қала және аудан әкімдіктерінің білім саласына қатысты бекітілген бірқатар функциялары енді облыстық білім басқармасының құзыретіне өтеді. Осыған сәйкес «Білім туралы» заңға тиісті өзгертулер мен түзетулер енгізіліп отыр. Бұған дейін білім беру саласы бойынша облыстық деңгейде 4, аудандық және қалалық әкімдіктер деңгейінде 28, кент және ауылдық әкімдіктер деңгейінде 3 құзірет болып келген. Енді 2021 жылдан бастап, аудандық және қалалық әкімдіктер деңгейінде 5 құзырет қана сақталып қалады. Оған жетім балаларды жұмысқа орналастыру, тұрғын үймен қамту, ауылдық жерде білім беру мекемелеріне жұмысқа жіберілген жас мамандарға тұрғын үймен көмектесу, білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруін қарастыру секілді функциялар жатады.

Облыс әкімі қала және аудан басшылар құзыретіндегі көп функциялар облыстық білім басқармасына көшкенімен, әкімдердің осы саладағы жауапкершілігі еш төмендемейтіндігіне баса назар аударды.

– Балалардың болашағына бәріміз де жауаптымыз. Сондықтан жауапкершілікті облыстық басқармаға жүктеп қарап отыруға болмайды, – деді облыс әкімі. Сонымен қатар бюджет қаржысын әкімшіліктендіру бойынша туындайтын мәселелерді пысықтауды тиісті басқарма басшыларына тапсырды. Жергілікті жерде балалардың толыққанды білім алуына жағдай жасау әкімдер қадағалауында болатын мәселе.

Мәжілісте облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев атаулы әлеуметтік көмек тағайындау мәселесіне қатысты баяндады. Биылғы жылдың 1 қаңтарынан бастап, аз қамтылған көпбалалы отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәсілдері енгізілгені белгілі. Өзгертілген механизм атаулы әлеуметтік көмек көрсетуде ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етуге, еңбекті ынталандыруды көтеруге бағытталған. Басқарма басшысы 2020 жылға жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге бюджетте 7,9 млрд теңге қаралғанын атап өтті. Сонымен қатар, 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға кепілді әлеуметтік топтамаларға республикалық бюджеттен 1,3 млрд теңге қаралып отыр. Облыста АӘК көрсетудің жаңа тәсілдері туралы ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізу бойынша медиа-жоспар бекітілген.

Барлығы 7742 отбасына 1122,6 млн теңгеге АӘК тағайындалып, 6360 отбасына қаңтар айы үшін 326,6 млн теңге төленген. Бір отбасына төленген орташа көмек мөлшері 51,4 мың теңгені құрады. Бүгінгі күні АӘК алушылар қатарындағы еңбекке жарамды 11177 адамның 1652-сі жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылып, оның 39,8%-і немесе 657 адам тұрақты жұмысқа орналасқан. Алайда, тұрақты жұмыспен қамту шараларында Қазалы, Жалағаш және Сырдария аудандарының көрсеткіштері төмен болып отыр.

2-бет.

БІЗДІҢ АУЫЛ

Қармақшы ауданына қарасты Ақжар ауылында еңбек етудің, мал бағып, егін егудің жылдар бойы қалыптасқан дәстүрі бар. Қазір де көктемгі дала жұмыстарына әзірлік жүріп жатыр. Адам баласының еңбектен бақыт табатынын үлгісімен көрсеткен аға ұрпақ өнегесі ақжарлықтардың бүгінгі буынына да дарыған. Иә, қос аяқтан айырылса да, ел үшін еңбек етуден қашпаған Еңбек ері Қасымтай Ізтілеуов осы Ақжардың төл перзенті. Батырға құрмет ретінде «Ораз Ахун LTD» серіктестігі кеңсесінің алдына оның шынжыртабан тракторын қойған.

Дәулет ҚЫРДАН.

Ақжардың ажары

– Мына шынжыртабанның тарихы қандай? Ерекшелігі неде? – дедім қызығушылығымды жасыра алмай.

– Бұл трактор біз ес білгелі бар. Менің жасым 40-тан асты. Ауылға маңдай терін төккен Социалистік Еңбек ері Қасымтай Ізтілеуов атаңдыкі бұл. Осы трактордың тізгінінде елге қызмет еткен. Ауылдың ажарын ашып тұр емес пе?! – деп сұраулы жүзбен қарады ауыл тұрғыны.

Еңбек еріне деген риясыз көңіл, ыстық ілтипат екені көрініп тұр. Батырдың бюсті трактордың қапталына орнығыпты. Құдды Қасымтай Ізтілеуов шынжыртабанға қарай келе жатқандай...

Өткен жылы бұл шаруашылықтың 3 қызметкері бір-бір көлікке ие болды. «Алтын күз» мерекесінде қамбасы дәнге толған серіктестіктің мұнан өзге де марапаттаулары болды. Жалпы сомасы 40 млн теңгені мекеме марапатқа жұмсаған. 100 шақты қызметкері бар шаруашылықтың шамасын көрдіңіз бе?

– Бұл шаруашылық бұған дейін қиындықты өткерді. Елдің ықыласы мен пейілінің оң болғаны ғой. Дереу гүлдендіріп ала кеттік. Қазір «Абзал және К» толық серіктестігі инвесторлық етуде. Аяғынан енді тұрып жатыр. Десе де, көп шаруашылықтан алда екені даусыз. Былтыр аудан бойынша 3-орын алдық. Әдепкіде небәрі 3 техника гаражда қаңтарылып жататын. Онымен не істейсің? Қазір 13 техника бар. Екі жыл ішінде небір қуатты тракторларға қол жеткіздік. Міне, нәтиже деген осы, – деді серіктестік директоры Жомарт Жалғасбаев.

Бұл күнде шаруашылық ауыл тұрғындарына жағдай жасай бастады. Әрбір үйге 100 қамыс престен тегін үлестіреді. Ал жоңышқаның әр данасын 200-250 теңгеден сатады. Бұл – әжептәуір жеңілдік. Ардагерлерге, асыраушысынан айырылған және тұрмысы

төмен отбасыларына көмектің түр-түрін көрсетіп келеді. Мешіттің отын-суы, көмірі – барлығы шаруашылықтың мойнында. Бақша егетін тұрғындарға жер дайындап, суын апарып береді. Тек егінінді ек те, өніміңді жина.

2-бет.

АТАКӘСІП

Түйе – 1 млн теңге

Қызылордада облыстық кәсіпкерлер палатасы сервистік дайындау ұйымдары мен қабылдау пункттерін дамытпақ. Бұл туралы палата директоры Ғалымбек Жақсылықов өңірдегі бизнес-қауымдастық алдында берген есебінде айтты.

Палата басшысының айтуынша, облыста қазірдің өзінде түйе сүтіне деген сұраныс артып отыр. Оған басты себеп – сүт қабылдау пункттерінің ашылып, түйе сүтінің тұрақты қабылдануы. Сондықтан түйесі бар шаруалар мал басын көбейтуге көшті. Бұған дейін литріне 700-800 теңге болған түйе сүті көтерме бағада 1000 теңгеден алынып жатыр. Ал бір сауын түйе 550 мың теңге болса, енді 1 млн теңгеге дейін көтерілген.

Ғалымбек Жақсылықов кездесуде кәсіпкерлер палатасының мамандар ауыл шаруашылығы саласындағы мәселелерді жүйелі шешіп жатқанын айтты. Атап айтқанда, былтыр палата мамандарының ұсынысымен Ауыл шаруашылығы, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерінің бұйрықтарына өзгерістер енгізіліп, шаруалардың пайдасына шешілген.

«СБ» ақпарат.

ШАРУА ҚАМЫ

183,1 мың гектар жерге егін егіледі

Сырбойылық еңбеккерлер биыл 183,1 мың гектар жерге егіс егуді жоспарлап отыр. Оның 88,2 мың гектары күріш алқабына тиесілі.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, дәнді дақылдар үлесі 97,8 мың, майлы дақылдар – 6 мың, малазықтық дақылдар – 61,6 мың, картоп, көкөніс, бақша дақылдары 17,7 мың гектарды құрайды. Шаруашылылық құрылымдары өткен жылы күзде 4 412 гектарға бидай егіп, 65,1 мың гектар сүдігер жыртты.

Назерке САНИЯЗОВА.

Мамандардың есебінше, кезекті егістікке 22,1 мың тонна жоғары репродукциялы күріш, 656 тонна жаздық бидай, 90,2 тонна арпа, 12,5 тонна жүгері, 10,1 тонна тары, 225,7 тонна жоңышқа және 112,8 тонна мақсары тұқымы қажет. Қазір бұлар қамдалып жатыр, егіс науқанына дейін дайын болады. Сонымен қатар, 59,2 мың тонна минералды тыңайтқыш пен 72,9 мың литр гербицид сатып алу шаралары атқарылуда.

Қолда бар техниканың, атап айтқанда, трактордың 82,5 проценті, соқаның 87,1 проценті, тұқым сепкіштің 90,1 проценті, жүк көлігінің 88,6 проценті, трактор тіркемесінің 92,3 проценті жөндеуден өтті. Көктемгі егіс және дала жұмысын жүргізу үшін 14 мың тонна дизель отыны бөлінді. Өткен жылдан бастап ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жеңілдетілген дизель отыны үшін квота бөліне бастады. Сондай-ақ, төмен бағамен сұйық отын сатып алу шаралары автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы іске асырылып келеді. Ағымдағы жылы тиісті құрылымдар «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы 2 млрд теңгеге 70 техниканы лизингке алуға ынталы.

Мамандар жоспарлы егін алқабын тұрақты суаруға 4,2 млрд текше метр су қажет екенін есептеп шығарды. Бұл бағыттағы жұмыс аудандар мен облыс орталығындағы су шаруашылығы нысандарын дайындау арқылы жүзеге асырылады. Қажетті қаражатты шаруашылықтардан, инвесторлар мен басқа да көздерден тарту қарастырылған. Аталған іске «Агрохолдинг Қызылорда» серіктестігі мен «Аграрлық несие корпорациясы» компаниясы да атсалыспақ.

№33 (19909) 3 наурыз, сейсенбі 2020 жыл

Ел көкейіндегі сауалдарға жауап

Мемлекет басшысы әңгіме барысында бейбіт жиындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін митингке қатысушылардың жоспарланып отырған санын хабарлауы қажеттігін жеткізді. Бұл олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барынша маңызды. Сол арқылы ұйымдастырушылар да, жергілікті билік те қоғамдық тәртіпті сақтауға жауапкершілік алмақ. Алайда заң жобасындағы бейбіт жиындарға қатысушылардың санын 250 адам деп шектеу енгізуді жөнсіз деп санайтынына екпін берді.

Кейінгі кезде қоғамда қызу талқыға түсіп жатқан тақырып – белсенді Дулат Ағаділдің тергеу изоляторында қаза табуы. Бұған қатысты бірқатар өңірде наразылық акциясы өткен-ді. Қ.Тоқаев аталған мәселеден хабардар екенін, еліміздің әр азаматы ұстанған көзқарасына қарамастан құқығы қорғалатынын атап көрсетті.

«Қоғамдық үлкен резонансқа байланысты бұл іспен тыңғылықты танысып шықтым. Өкінішке қарай, белсенді Ағаділ жүрек дерті салдарынан қайтыс болғанын нық сеніммен қуаттай аламын. Басқаша сендіруге тырысу – демек шындыққа қарсы шығу. Қаза тапқан азамат кім болса да, қандай көзқарасты ұстанса да ол ең алдымен адам. Адам өмірі бірегей әрі баға жетпейді. Бәріміз де Алла тағаланың жазмышына мойынсұнамыз. Иманды болсын», деді Президент.

Сондай-ақ Қ.Тоқаев сұхбатында Мұхтар Жәкішевке қатысты да пікір білдірді. Мемлекет басшысы бұл мәселенің сот құзыретіне кіретініне тоқталып, М.Жәкішевтің денсаулығына байланысты шарты түрде мерзімінен бұрын босату туралы бірнеше рет жүгінгенінен хабардар екенін атап өтті. 3 наурызда бірінші инстанциядағы сот отырысы өтеді. Қ.Тоқаев сот шешімі әділ болатынына сенім білдірді.

Бұдан бөлек, Президент қазіргі таңда әлемді дүр сілкінткен коронавирусқа қатысты да пікір білдірді. Мемлекет басшысының сөзіне қарағанда, жағдайды бақылауда ұстауға күш салынып жатыр. Алайда, ешкім, тіпті дамыған мемлекеттер де вирустың енуіне қарсы қорғанысқа толық кепілдік бере алмайды. Осыны еске салған Қ.Тоқаев дер уақытында қабылданған шаралар оң нәтижесін беріп отырғанын жеткізді.

«Үкіметке азаматтардың денсаулығын қорғау үшін ең батыл, жан-жақты шаралар қабылдау тапсырылды. Коронавирус әлем бойынша өте жоғары жылдамдықпен таралып жатыр. Мұны да ескеру қажет. Егер тенденция осы қалпында қалса, онда көп адам қатысатын шараларды, оның ішінде халықаралық форумдарды басқа уақытқа ауыстыруға немесе бас тартуға тура келеді. Тарих індеттің билік пен азаматтардың батыл әрекеттерінен «қауіптенетінін» көрсетіп отыр. Орта ғасырда оба өзіне адамдар қарсы тұрған соң қалалардан кейін шегінді. Ал ол кезде тиісті дәрі-дәрмек те болмаған еді. Меніңше, адамзат білімімен және технологиясымен осынау пәледен қорғана алады», деді Президент.

Естеріңізде болса, өткен айда ЕАЭО елдерінен әкелінген автомашиналарды тіркеу мәселесі туындаған еді. Қ.Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында осыны шешуге қатысты бірқатар тапсырма берді. Әлі күнге өзектілігін жоймаған проблемаға тоқталған Мемлекет басшысы Армениядан әкелінген автомашиналарды пайдаланудың тетіктері қарастырылатынын айтты.

«Менің тапсырмаммен Бас прокуратура осы ахуалға құқықтық бағалау жүргізді. Бірқатар мемлекеттік құрылымның қызметіне наразылық бар. Бұған қоса, жекелеген тұлғалар заңнаманы бұза отырып және адамдарды алдап, заңсыз бизнес құрып алған. Армениядан машина әкелу барысындағы алаяқтық әрекет фактілері бойынша тергеу жүргізіліп жатыр. ЕАЭО бойынша кейбір серіктестерімізбен де өзара іс-қимылда бірқатар мәселе бар. Біз олармен бірге алдағы уақытта мұндай проблемалардың қайталануына жол бермеу үшін жұмыс жүргізіп жатырмыз. Үкіметке қазақстандық көлік иелерінің мүдделерін ескере отырып, Армениядан әкелінген автомашиналарды пайдалануды ретке келтіру бойынша қосымша ұйымдастырушылық шараларды әзірлеу тапсырылды», деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің қызметіне баға беріп, кеңестің мемлекеттік жүйені реформалау бойынша пайдалы ұсыныстарды түрлендіруге үлес қосқанын атап көрсетті.

«Саяси реформалардың бірінші топтамасының заң шығармашылық процесі басталып кетті. Экономикалық салада ауқымды іс атқарылып жатыр. Осы жылдың соңына дейін Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің қатысуымен реформалардың келесі топтамасы әзірленеді. Мемлекеттік қызметшілерді жұмылдыру арқылы қауырт жұмыс жүргізіліп жатыр. Кеңеске мемлекетіміздің құрылысына өз үлесін қосуды қалайтын жаңа адамдар кіргісі келеді. Олар – танымал заңгерлер мен белсенділер. Сондықтан таяу уақытта мен бұған дейін хабарлаған ауыс-түйіс жария етіледі», деді Президент.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев осы сұхбаты арқылы қоғамдағы өзекті мәселелерге бейжай қарамайтынын, елдің мүддесі әрдайым жоғары тұратынын тағы бір аңғартты. Президенттің айтуынша, мемлекеттің бүкіл игілігі халықтың тұрмыстіршілігін жақсартуға бағытталмақ.

«Egemen Qazaqstan» газеті.

1-бет.

Жауапты кезең міндеттері

Облыс басшысы аталған аудан әкімдеріне бұл бағыттағы жұмыстарды ширату жөнінде нақты тапсырмалар берді. Сонымен қатар жұмыссыз жандарды кәсіпкерлікке оқытуға барынша күш салу қажеттігін ескертті.

– Базарда сауда істеп, немесе мал ұстап пайдасын көріп отырған адамдар жұмыссыз ретінде тіркеледі. Міне, осындай адамдарды анықтап, жұмыссыздар санатынан шығаруға тиіспіз. Олар тауып отырған пайдасынан тиісті салық төлейтін болуы керек. Атаулы әлеуметтік көмек алғандардың ішінде екіқабатты коттеджі бар азамат анықталды. Ал оған керісінше көмекке нағыз мұқтаж адамдар тізімге ілікпей қалған. Атаулы әлеуметтік көмекті шын мәніндегі мұқтаж жандар алатын болуы қажет, – деді облыс әкімі.

Еңбек заңнамаларының сақталуы, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі туралы облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасының басшысы Ертілеу Жалғасбаев хабарлама жасады. Бүгінгі күні 7 кәсіпорынның 141 жұмысшыға 15,7 млн теңге жалақы қарызы бар. Сонымен бірге басқарма басшысы экологиялық төлемақы төлеуге немқұрайлы қарайтын мекемелер бар екенін атап өтті. Мысалы «Қазақстан темір жолы» құрылымына қарасты бір бөлімшеде осындай фактілер анықталып, 100 жұмыскерге 50 млн теңге өндіріліп алынған.

Облыс басшысы бюджеттен берілуі тиісті қаржыны дер кезінде төлемеген, жалақыны кешіктіруге жол берген басшыларға шара қолдануды тапсырды. Сонымен қатар, барлық мемлекеттік мекемелерде ұжымдық шарттардың толық жасалуына ықпал ету қажеттігін ескертті.

Келесі кезекте 2020 жылғы халық санағын өткізуге дайындық жұмыстары мен берілген тапсырмалардың орындалу барысы туралы облыстық статистика департаментінің басшысы Мариям Баекеева баяндады. Халық санағы үстіміздегі жылдың 1-30 қазан аралығында өткізіледі. Қазіргі таңда ұлттық халық санағының «Қазақстанда әркім маңызды!» атты девизі мен логотипі бекітілген. Санақтың бірінші кезеңі 1-30 маусым аралығында тұрғын жайларды нақтылау бойынша өткізіліп, оның нәтижесі бойынша санақ учаскелері бөлінеді. Ал 1-30 қазан аралығын қамтитын екінші кезеңінде онлайн режимде планшет құрылғысымен санақ жүргізіледі. Бүгінде санақ өткізуге жәрдемдесу жөніндегі өңірлік комиссия құрылып, іс-шаралар жоспары бекітілген.

Санақтың басты фигурасы – есепшілер. Олар адамның тұрғылықты жеріне немесе уақытша болатын жерлеріне (вокзалдар, курорттар, әуежайлар, ауруханалар, пойыздар және т.б) барып, сауалнама жүргізу арқылы арнайы сауалнама беттерін толтыратын болады. Санақ жұмыстарына жалпы 1312 адам уақытша тартылады деп күтілуде. Оның ішінде 159-ы нұсқаушы бақылаушылар, 974-і сұхбатшылар. Санақ қағаздарына барлық жауаптар ешбір құжат көрсетпейақ халықтың аузынан жазып алынады. Олардан алынған деректер еліміздің әлеуметтік-экономикалық бағдарламасын жасауға көмектеседі.

Осы орайда облыс басшысы халық санағы мемлекеттік дәрежеге ие, көптеген сұрақтарға жауап беретін саяси іс-шара екендігіне назар аударды. Сондықтан ол үлкен дайындық және ұйымдастырушылық жұмыстарын қажет етеді. Ал дайындықтың негізгі жұмыстарының бірі – бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа жаппай түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Соған сәйкес тиісті басқарма мен құрылымдар басшыларына тапсырма жүктелді.

Күн тәртібіндегі мәселелерден кейін аймақ басшысы көктем айларында тазалық жұмыстарына барынша көңіл бөліну қажеттігін атап өтті. Ұжымдар мен жеке тұрғындар бұл жұмыстарға барынша атсалысуы тиіс. Облыс орталығында бұл жұмыстарға бақылау жасау қала әкімі Н.Нәлібаевқа тапсырылды. Қала басшысы көктемгі тазалық және көгалдандыру жұмыстарын барлық ұжымдар мен жекелеген тұрғындар өз күшімен орындауға белсенділік танытуы қажеттігін айтты. Бұл ретте төңірегі тазаланбаған мекемелер мен кәсіпорын басшыларынан жауапкершілік қатаң сұралады.

1-бет.

ТАҒАЙЫНДАУ

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

Кеше облыс әкімінің өкімімен Едігеев Ғалым Қайырбекұлы облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Ғалым Қайырбекұлы 1979 жылы туған. Қазақ мемлекеттік заң академиясын «заңгер» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 2000 жылы Қызылорда қалалық прокуратурасында бастаған. 2001-2012 жылдары Қызылорда қалалық, облыстық, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасында жауапты қызметтер атқарған. 2012-2014 жылдары Қызылорда көлік прокуроры, облыстық прокуратураның әлеуметтік саладағы заңдылықты қадағалау басқармасының бастығы. 2014-2019 жылдары Қазалы ауданының прокуроры, облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары, облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының бөлім басшысы. 2019 жылдың қыркүйек айынан бастап осы кезге дейін облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы басшысының орынбасары лауазымында қызмет атқарып келді.

Ақжардың ажары

– Былтыр 1050 гектар жерден 6320 тонна өнім алдық. Бұл әр гектарына 60,2 центнерден келеді. Инвестор «Абзал және К» компаниясымен бірге бірбірімізге тиімді жағдайда тонның ішкі бауындай біте қайнасып, жұмыс істеп келеміз. Ана жылы ауылдың 60 жылдығын атап өткенде бәйгеге бір автокөлік тіктік. Оның өзі шаруашылықтың бір септігі. Су тапшылығына байланысты күріш алқабының көлемін арттыра алмай отырмыз. Бірақ бұрынғы межеден түспейміз. Науқанға толықтай дайынбыз. Өткен күнге өкпе жоқ, келер күннен үміт көп, – дейді Ж.Жалғасбаев.

Қазір ауылдан ертеректе қоныс аударғандар қайта келуге ынталы. Жастарды қазақтың қарашаңырағы – ауылға тұрақтандырудағы жұмыстары да жанданып келеді. Елдегі механизаторлардың 90 проценті – жастар. Көңілге қуаныш ұялататыны – осы. Ауылдың бойына қан жүгіріп, тіршілігі түзеліп жатқанын көру кімге де болса бақыт емес пе?!

Науқан кезінде техникалардың кідіріссіз жұмыс істеуі – бас инженердің мойнындағы жүк. Талай жыл осында табан аудармай еңбек еткен Сәдуақас Өмірқұлов ауылдағы атқарылып жатқан сан алуан істің тағы бірін баян етті.

– Көптен бері дән себілмей жабайыланып кеткен жерлерді тазартып, қалпына келтіріп жатырмыз. Осындай 80 гектар жерді дайындадық. Әлі талай жер бар. Біртіндеп іске асыра береміз. Бүгінге дейін 22 гектар көлемді канал тазалап шықтық. Еткен еңбек еш кетіп жатқан жоқ. Елдің батасымен көгерудеміз. Бұйыртса, орталық моншаның құрылысын бастау жоспарда тұр. Одан бөлек, қойма, кең көлемді машина ауласын салу ойда бар, – дейді С.Өмірқұлов.

Серіктестік биыл күріштен басқа 100 гектар жерге бидай, 59 гектарға мақсары, тағы 159 гектарға жаңадан жоңышқа екпек. Күріштің жаңа сорттарын да қолға алмақшы.

– Былтыр 92 адам жұмыс істеген. Биыл осында еңбек етуге ынталылар көп. Қоңырау шалып, ниетін білдіретіндер жеткілікті. Шамасы, биыл 100-ден астам адаммен жұмыс бастайтын сияқтымыз, – деген Ж.Жалғасбаев айтып ауыз жижанша, есіктен жас шамасы 17-18-дердегі бозбала кіріп келді.

Амандық-саулықтан соң осында жұмыс істеуге келгенін, мамандығы автомеханик екенін айтты. Ал серіктестік директоры арызын жазып қалдыруын сұрады.

– Есімің кім балам?

– Науан.

– Науан, енді сен осы ағаларыңның шәкіртісің. Үйренетінің көп. Еңбектен, талмай-тынбай тер төк. Ынталы азаматтың ырысы мол болады, – деді шаруашылық басшысы.

Туған жеріне туын тігетін жастар Ақжарда жетерлік. Соның бірінің жұмысқа қабылданғанының куәсі болдық.

Ажары кірген Ақжардың айы оңынан туған екен ғой...

Суреттер автордікі.
Қармақшы ауданы.

1-бет.

Мемлекеттік қызмет: сапа рейтингіндегі I орын

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаменті жанындағы мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы биыл алғашқы отырысын өткізді. Департамент басшысы Нұрман Талқанбаевтың төрағалығымен өткен жиында қандай мәселелер талқыланды? Тарқатып айтсақ.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Жұмыс тобы бірінші кезекте қалалық жер қатынастары бөлімінің басшысы Жақсылық Ержановтың хабарламасын тыңдады. Қолдағы мәліметке сүйенсек, өткен жылы бөлім тарапынан жеке және заңды тұлғалардан 11861 өтініш түскен. Оның ішінде бөлімге тікелей қатысты 5893 өтінішке толыққанды жауап берілген. Сондай-ақ, бөлім тұрғындарға 5968 мемлекеттік қызмет ұсынған. Дегенмен, атқарылған істердің ауқымына қарамастан, жер қатынастары саласына қатысты департаментке 10 шағым түскен көрінеді. Олардың басым бөлігі жер учаскелерінің қабаттасуы, қала әкімдігінің қаулысының кеш шығуына қатысты. Сонымен қатар мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында 107 өрескел бұзушылық орын алған. Оның ішінде стандарттағы қызмет көрсету мерзімдері сақталмауы, стандарт талабында көзделмеген артық құжаттар сұратылғаны және де толық емес құжаттар бола тұра қызмет көрсетілгені анықталып отыр. Бұл ретте Ж.Ержанов алдағы уақытта мемлекеттік қызметтер көрсету процесін жетілдіру сапасы мен қолжетімділігіне мән беру, тиімділік қағидаттары басты назарда болатынын жеткізді.

Келесі кезекте «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» АҚ облыс бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов өткен жылы қолға алынған жұмыстармен және алға межеленген жоспарлармен бөлісті. Оның айтуынша, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры 2 бағытта мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді. Филиал көрсететін осы қызмет түрлері бойынша бүгінгі күнге бірде-бір мерзім бұзу немесе қызмет түрін көрсетпеу фактілері орын алмаған. Бұдан бөлек, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі шешімдерге, сапаға шағымдану деректері тіркелмеген.

Күн тәртібіне сәйкес, департаменттің басқарма басшысы Ғалымжан Ілкібаев былтыр мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына жүргізілген республикалық қоғамдық мониторинг нәтижесін де ортаға салды. Мониторингпен 65 мемлекеттік көрсетілетін қызмет қамтылған.

– Олардың ішінде жедел жәрдем шақыру, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау, елді мекен шегінде объект салуға жер учаскесін беру секілді қызметтер бар. Қоғамдық мониторингке 17 аймақтан 14 мыңнан аса респондент қатысқан. Олардың жауабы мен бағалары мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасының деңгейін айқындайды. Ең маңыздысы, зерттеулерге қатысқан азаматтардан алынған ұсыныстар мен ескертпелер негізінде әкімшілік кедергілерді жою, мемлекеттік қызметтерді көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру бойынша қорытындылар мен ұсынымдар әзірленеді, – деді Ғ. Ілкібаев.

Осылайша, 65 мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың орташа балы 4,73-ке тең болып, қанағаттану деңгейі – 74,8% құраған. ЖАО мен ОМО қызметтеріндегі өңірлер рейтингіне сәйкес, Қызылорда ең жоғары позицияға тұрақтады.

Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

Бұл күнде Кеңес одағының батыры Нағи Ілиясов атындағы ауылды кім білмейді?! Тұтас елге ғажайып келбетімен үлгі болып тұрған атақоныс бұл. Әйтсе де, соңғы уақытта әлеуметтік желіде жұртты елең еткізген жаңалық болды. Ондағы шаруашылықтағы жер үлесін өздеріне қайта заңдастыруды талап етіп, дивиденд төлеуді даулы мәселеге айналдырған тұрғындар мал жайылымына қатысты да шағымдарын жеткізіп жатыр. Шынында мәселенің мәні неде? Екі тараптың пікірін зерделеуді мақсат тұтып, батыр атындағы ауылда болған едік.

БІТІМДЕ ҒАНА БЕРЕКЕ БАР



Төрағаның алға тартқаны...

Алдымен шаруашылық басшысы Дархан Ералиевпен ашық сөйлесуді жөн көрдік. Төраға қарсы болмады. Мәселенің неден туып отырғанын жіпке тізгендей айтып шықты.

– Сөзіміз түсінікті болу үшін басынан бастап айтайын. Шаруашылыққа келер болсақ, мұнда 2003 жылы «Сыр дәні» шаруашылығын құруға талап қылғанбыз. Онда да дау болып, бос жатқан жерді ала алмадық. 2004 жылы аудандық мемлекеттік жер қорынан жер алып, шаруашылық құрылып, жұмысты бастап кеттік. Бұл қожалықтың жалпы жер көлемі 1800 гектардан астам, оның ішінде 790 гектар ауыл тұрғындарының жер үлестерінен құралған, – деді Дархан Ералиев.

Ал енді «Мағжан және К» шаруашылығына келер болсақ, төрағаның айтуынша, 2005 жылы құрылған. Ондағы 7699,1 гектар жердің егістік санаттағысы – 3226 гектар. Бұл жердің пайдалану құқығына бір кездері ұзақ мерзімге, яғни 2051 жылға дейін сол кездегі басшы А.Ералиев банктен сатып алу арқылы ие болған.

– «Мағжан және К» шаруашылығынан жер үлестерін сұрап жүрген азаматтар кезінде өз үлестерін «Н.Ілиясов» атындағы шаруашылыққа берген. Түсінесіз бе, біздің шаруашылық құрылмай тұрып, осындай серіктестік болған. Ал оның басшысы несие алу үшін бұл жерлерді банкке кепілге қояды. Бірақ, сол «Н.Ілиясов» шаруашылығының жұмысы дұрыс жүрмей, банк алдындағы қарызы өтелмей, банкрот болған. Амал жоқ, банк ол жерлерді саудаға шығарған, – деп түсіндірді төраға.

Иә, анығында тұрғындарға тиесілі жер үлестері әу баста бөтен шаруашылық («Н.Ілиясов» ЖШС) құрамында болып тұр. Ал осы жерлерді 2005 жылы «ТұранӘлемБанк» кепілге салынған мүлік ретінде саудаға шығарған-ды. А.Ералиев жаңадан құрған «Мағжан және К» ЖШС осы жерлердің пайдалану құқығын ұзақ мерзімге банктен бұрынғы қарызын өсімімен өтеп, сатып алған. Төраға айтуынша, арыздануышылардың бұл шаруашылықтан өз жер үлестерін не дивиденд сұрауына еш негіз жоқ.

Дархан Ералиев шаруашылықтың жұмысына «халық наразы» болғанын айтып, теріс пікір қалыптастырып жүрген шағын ғана топ екенін де айтып қалды.

– Сөзім дәлелді болсын. Біздің компания 2013-2019 жылдар аралығында өз ауылымызға 1 млрд 215 млн теңгеден астам қаржы құйды. Мұның бәрі мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде әлеуметтік нысандар салуға, ауылды абаттандыруға, көгалдандыру мен қайырымдылық шараларына жұмсалды. Былтырдың өзінде ауыл халқы мен жұмысшыларға өтініштеріне сәйкес 17 миллион теңгеден астам қаржыға мал азығы ретінде жемшөп түсіріп берілді. Сондай-ақ, 1 жарым миллион теңгеден астам қаржыға азық-түлік тегін таратылған, – дейді ол.

«Тойсаң тобаңнан жаңылма»

Білуімізше, Д.Ералиев жетекшілік ететін шаруашылықтарда 380 адам жұмыс істейді. Шаруашылық өтініш сұрап келген еңбеккерлердің ешқайсысының қолын қақпаған. Малына азық, қыста жылуға көмір, азық-түлігі тағы бар. Жалақылары толық әрі уақытылы төленіп келеді. Жыл соңында сыйақы да беріліпті. Осынша уақыт қалыпты күй кешіп, бірлікте келген тұрғындардың бір мезетте жер үлесін сұрап, дау қууына не себеп?

– Тоқырау жылдары өзге ауылдар сияқты бұл ел де азды, тозды, көп мекеме қаңырап бос қалды. Көшелердің сұрқы қашып, қоқыс үйілді. Белгілі жағдай ғой. Басшылар да тұрақтамады. Шаруашылықтағы техникасы бар, ғимараты бар, елдің жері бар, бәрін кепілге қойып, несие алынды. Бірақ, жұмыс оңалмады. Банктегі қарызы да өсті, шаруашылық жұмысы да алға баспады. 2005 жылы Абзал ініміз келіп, өзі құрған «Мағжан және К» шаруашылығы арқылы банктегі жер үлестерін пайдалану құқығын иемденген. Біздегі даудың басы осы, – деп бастады әңгімесін ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Төребек Жұмабекұлы.

Ақсақалдың айтуынша, еңсесін тіктей алмай отырған ауылға «Сыр дәні» мен «Мағжан және К» серіктестігінің көмегі ұшан-теңіз. Азаматтарды жұмыспен қамтып, елдің жағдайын аз жылда жақсы деңгейге көтерген. Бір ауылды гүлдендіріп қана қоймай, өзгелерге үлгі болған 450 түтіні бар Нағи ауылына шын мәнісінде тамсанбайтындар жоқтың қасы.

– Шаруашылық мемлекеттен ештеңе сұрамай-ақ, нысандар сала бастады. Алдымен балабақша салды. Одан соң ауыл іші де, сырты да тазалана бастады. Көріксіз, қоқыс басқан ауылға екі жыл тазарту жүргізілді. Ағаш ектіріп, су жүйелерін қалпына келтірді. Сол жылдары туберкулез дертімен ауыратындар көп еді. Менің өзім де сонымен ауырып, алты ай ем алып шыққан адаммын. Бүгінде ол дерт тыйылды. Көркейтудің жарқын үлгісін өзге ауылдағы кәсіпкерлерге көрсете білді. Біртіндеп мектеп, әкімшілік ғимараты, мешіт, музей, дәрігерлік амбулатория, мәдениет үйін қайта күрделі жөндеуден өткізіп, кейбірін қайта салды. Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған «Тағзым» алаңын жасап берді. Орталық алаңды абаттандырғаны қандай?! Жаздық сахна, дүкен мен тойхана, моншасы тағы бар. Жыл сайын мына көшедегі арықтардың барлығын компания есебінен тазалатып, оған да жұмысшы алып отыр. Аудан, тіпті облыс маңызды орталықтарында кездеспейтін су бұрқақтарын орнатып берді емес пе?! Тіпті, кейбір үйлердің құрылысына да көмектесіпті, – дейді ақсақал.

Ардагерлер кеңесі төрағасының сөзінің жаны бар. Өзге аймақтан қонақ келсе, қолынан жетектеп, әуелден мақтанып көрсетері осы ауыл болыпты. Рас қой. Соңғы жылдары мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында шаруашылық ауылға спорт сарайын салып берген. Барлық көше тегістеліп, асфальт төселіп, түнгі жарық шамдары орнатылған. Былайынша айтқанда, бұл ауылдың бүгінгі келбетін қайсыбір атақоныспен салыстыра алмайсыз.

Компанияға тиесілі қоймалардың барлығын қайта салып, өндірістік жағдай жасалған. Күріш пен жоңышқа тұқымын тазалайтын арнайы қондырғы алып, күріш өнімдерін экспортқа шығаруда белсенді. Барлық техникаларын жарамды күйде ұстап, бұрынғы инженерлік жүйеге келтірілген жердің барлығын қайта өңдеуден өткізіп, қалпына келтіруде де компанияның үлесі көп.

– Өзге шаруашылықтағы даулы мәселелерді көріп отырмыз ғой. Бізге бұл қажет емес. Осы кезге дейін жұмылған жұдырықтай болып келген шаруашылық ішінен аз уақытта үркердей топ пайда болып, іріткі салудың не қажеті бар?! Абзал Ералиевтің осы кезге дейінгі елге жасаған ісіне жасы да, кәрісі де қарсы пікір айтқан емес. «Тойсаң тобаңнан жаңылма» дейтін бе еді?! Осындай халыққа қамқор болған азаматқа қолдау білдірмесек, біздің елдігіміз қане? – деді ендігі сөзінде Т.Жұмабекұлы.

Ауыл әкімі не дейді?

Ауыл әкімі Сағдат Нұрмағанбетовтің пікірінше, елдегі атқарылып отырған игі істерде «Мағжан және К» ЖШС үлесі көп. Ауыл халқының барлығы бұны біледі.

– Ауылда жұмыссыз адам жоқ десек те болады. Тіпті, маусымдық уақытта сырттан келіп жұмыс істейтіндер бар. Олардың жататын қонақ үйі де, аспазшысына дейін бар. Жағдайымыз жақсы. Ал мына мәселеге байланысты күмәнді нәрселер көп. Мысалы, кешегі жазған ауыл тұрғындарының өтініш хатында да бір ізбен қол қойылғаны күмән келтіреді. Қол қоймаған, хатпен таныс емес тұрғындар да бар. Сонда қалай?! Бұл – елдің ішін бүлдіру. Ынтымағымызды бұзуға жасалған әрекет, – дейді ауыл әкімі.

Енді деректерге жүгінсек. Қазір бұл ауылдағы халық саны 2247 адам. Оның ішінде экономикалық белсенді халық – 1008. 380 адам «Мағжан және К» ЖШС-да жұмыс істесе, 213 адам бюджеттік және басқа да салаларда еңбек етеді. 2019 жылы 30 адам жұмысқа орналасып, 21 адам қоғамдық еңбекке тартылған. Былтыр ауылда 4850 гектар жерге күріш егіліп, әр гектардан 63 центнерден өнім жиналыпты. Егін жинау науқанын да тез аяқтаған. Техникасы қуатты «Мағжан және К» ЖШС еңбеккерлері ауызбіршіліктің арқасында ауданда бірінші дәрежелі «Озат шаруашылық» номинациясын жеңіп алған.

Осы арада ауыл әкімі шаруашылықтың жайылым жерді қоршауға алған дегеніне келіспейтінін айтты.

– Рас, қоршау жоқ емес. Бірақ, ауылдың өзі егін шаруашылығымен күн көріп отырған соң егінді мал аяғының астына тастай алмайтыны белгілі. Бұл бұрыннан қалыптасқан жағдай. Есік алдына бақша ексеңіз де қоршауға аласыз ғой. Белгілі мерзімде қоршау жабылып, күзде өнім жиылып біткен соң, есігін ашық қоя береді. Мысалы, тамыз айының бел ортасында орақ түсіп, қырқүйектің алғашқы он күндігінде бітетін бірінші егін орағы аяқталысымен-ақ ашық тұрады. Жайылымдық жерді түгел қоршауға алды деу орынсыз. Басқа қоршау мұнда жоқ, – дейді Сағдат Нұрмағанбетов.

Айтпақшы, ашық хатқа қол қойды деген адамдардың бір-екеуімен тілдескен едік. Олардың айтуынша, бірінің күйеуі, бірінің отбасындағы басқа мүшесі сырттай қол қойып жіберген.

Біз әкімдік ғимаратында жер үлесін алмаққа арызданғандардың бірі Берікжан Әлімбаевпен де сөйлестік. Отызға тола қоймаған жігіттің базынасына құлақ түрдік.

– Біз Абзал ағайдың ел үшін, ауыл халқы үшін жасаған еңбегіне ешнәрсе айта алмаймыз. Сөз жоқ, ол кісі барлық қалталы азаматтарға туған елін көркейтудің жарқын үлгісін көрсетіп отыр. Мәселе басқа. Біздің жеріміздің 2003 жылы қалай банкке кепілге қойылғаны, қанша ақша алғаны, ол жайлы ешкім айтпаған. Беймәлім. Маған керегі, өз атымнан ғана айтайын, өзіме тиесілі жерді заңдастырып алғым келеді. Сол ғана. Ал шаруашылықтың жұмысына, атқарып отырған ісіне еш өкпем жоқ, – дейді ол.

Берікжанның айтуынша, ашық хатқа қол қойғандардың барлығының талап-тілегі сол. Ал Берікжан осы уақытқа дейін шаруашылықтан бірде-бір көмек алмағанын айтып отыр. Өз кезегінде шаруашылық төрағасының орынбасары Медет Мадханов оған жауабын айтып та үлгерді.

Диалогқа назар салсаңыз.

– Мысалы, осы шаруашылық («Мағжан және К» ЖШС) құрылғалы мен өз басым бір түйір дән, бір тал шөп алмаппын. Дивиденд есебінен тұрғындарға жемшөп беруге болмас па еді?! Осы кезге дейін 17 миллионға татитын ақшаға осылай көмек берілді дейді. Бірақ, нақты кімге берілгені белгісіз.

– Бар, оның тізімі.

– Бар болса, көрейінші.

– Міне, мұнда бума шөп (пресс) алғаны, басқасы да тұр. Барлығы қол қойып алған.

– Мұнда менің атым жоқ, мысалы.

– Сен өтініш жаздың ба бізге?

– Жоқ, жазбадым.

– Мұндағылардың барлығы өтініш жазған, берілген көмектің барлығы тегін...

Білуімізше, дивиденд мәселесі зерттеліп жатқанға ұқсайды. Бұл алдағы уақыттың еншісінде.

Ал жайылымдық жердің шынымен нағылықтарға жетіспей отырғаны рас па?

Қоршауға алынды деген жердің барлығы тек егістік алқаптар. Оның өзі, егістік жиын-терім науқаны бітісімен ашық жататынын жоғарыда айтып кеттік. Әдейі барып, әкім мен шаруашылық төрағасының орынбасары егістік орнын көрсетті де. Мұнда да ауылдың малы жайылып жүр.

Жаптым жала, жақтым күйе болмасын

Ауылға барғанымызда осы елдің тумасы Гүлбахрам Жүністі жолықтырдық. Оның пікірі де, тілегі де біреу, ол – ел бірлігінің бүлінбегені.

– Осы ауылдың перзентіміз. Сыртта жүрсек те, үнемі тілекші халықпыз. Осы елдің гүлденгені, көркейгені біз үшін үлкен мақтаныш. Шыны керек, осындай ши шыққан соң ауылға арнайы келдім. Ал енді Ералиев сияқты елдің топырағын түрлендіруге еңбек сіңіріп жүргендер аз. «Мағжан және К» ЖШС алдында неше түрлі шаруашылық болды ғой. Мысалы, «Бірлік» деген шаруашылық. Үш жылдай жұмыс істеген болды. Бірақ, нәтиже жоқ. Сондықтан, берекені бұзбауға жұдырықтай жұмылуымыз керек, – дейді ол.

Байқағанымыздай, мұнда екі тараптың өзара ымыраға келіп, «үй ішінде» қалуы тиіс даудың алдағы күні әділ шешім табарына сенім артатындар аз емес.

«Ауылға қонақ келсе, бірден аралатып, кеудесін көтеріп мақтанатын жұртпыз. Тіпті, жан-жақтан үйленген жастар келіп, әдемі бейнеролик те дайындайды. Әсем ғимараттар, гүлзарлар – бәрі керемет көрініс. Жоқ-жетіктің барлығын шаруашылық басшылары шешіп беріп отыр. Қызылорда емес, Қазақстан ауылдарына үлгі емес пе бұл мекен?! Ымыра болмаса, оның салмағы жергілікті жұртқа түседі. Енді санаулы уақытта көктемгі тіршілікке кірісетін шақ туады. Аттанға еріп, айқайға басу абырой емес. Сондықтан бұл мәселе тезірек шешіледі деген үмітіміз бар, – дейді нағылықтар.

Әзірге түйін осы.

Қуат ШАРАБИДИНОВ,
Ержан ҚОЖАСОВ.
Суреттерді түсірген,
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС»
ШАҒЫН НЕСИЕ
✓ зейнеткерлер мен (78 жасқа дейін) жұмыс істейтіндерге
✓ 5 000 теңгеден 400 000 теңгеге дейін
✓ кепілдіксіз
✓ екі аптадан алты жылға дейін
✓ 15 минутта!
✓ жоғары несиелік ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!
ЭВЕРЕСТ Финанс
ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР!
Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы)
тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45
ҚР Ұлттық Банктен №KZ01vg00000355 лицензиясы берілген

Күмәнді мәліметті таратпас бұрын...

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 453-бабының 2-тармағында «Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруды насихаттауға немесе үгіттеуге, экстремизмді немесе терроризмді насихаттауға және ақтауға бағытталған, сондай-ақ терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық амалдары мен тактикасын ашатын мәліметтер мен материалдар қамтылған бұқаралық ақпарат құралдары өнімін Қазақстан Республикасының аумағында тарату» және 490-бабының 1.3-тармағында «діни мақсаттағы заттарды әкелуге, әзірлеуге, шығаруға, басып шығаруға және (немесе) таратуға белгіленген талаптарды бұзуға» болмайды делінген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңының 9-бабының 2-тармағына сәйкес «Діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тек қана ғибадат үйлерінде (ғимараттарында), діни білім беру ұйымдарында, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары арнайы белгіленген тұрақты үй-жайларда таратуға жол беріледі» делінген.

Осыған байланысты 2018 жылдан бастап Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы негізінде тыйым салынған діни сипаттағы материалдарды тарататын аккаунттарды анықтайтын автоматтандырылған интернет бағдарламасы іске қосылғанын хабарлаймыз.

2019 жылы ҚР-да тыйым салынған діни сипаттағы материалдарды тарататын 554 аккаунт анықталып, 4 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылып, 3 жыл мен 7 жыл аралығында бас бостандығынан айырылды және 3 азаматтың шартты түрде бас бостандығы шектелген.

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы Сізден діни сипаттағы материалдарды таратпауды сұрайды, заңнаманы бұзғаны үшін (ҚР ӘҚБК 453-бабы және 490-бабы) 20 АЕК-тен 150 АЕК-ке дейін әкімшілік айыппұл қарастырылғанын хабарлайды.

Қоршаған орта – қорғаның

Облыстық экология департаменті өткен жылдың қорытындысы мен алдағы атқарылатын жоспарлар жөнінде есеп берді. Шараны департамент басшысы Марат Құрманбаев жүргізді.

Былтыр қоршаған ортаны қорғау саласында барлығы 85 нысанға бақылау шаралары ұйымдастырылды. Нәтижесінде 228 экологиялық заңнама талаптарын бұзу деректері анықталып, кемшіліктерді жою үшін тиісті нұсқамалар берілді. Сондай-ақ, ҚР Экологиялық кодекс талаптарын өрескел бұзғаны үшін сот шешімімен 103 нысанның қызметі уақытша тоқтатылды. Табиғи ресурстарды заңсыз пайдалану бойынша 3 дерек негізінде тиісті шешімдер қабылдау үшін құқық қорғау органдары мен уәкілетті органдарға тиісті ақпараттар жолданды. Қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу мақсатында табиғат пайдаланушыларға 61 нұсқама берілді.

Былтыр облыс аумағында 262,5 мың тонна қалдық құралды. Оның 44,1 процентін өнеркәсіптік, 28,7 процентін тұрмыстық қатты қалдық құрайды. Есепті мерзімде 43 мың тоннадан астам қалдық залалсыздандырылған. Оның басым бөлігі – өндірістік қалдықтар. Былтыр зертхана бөлімінде барлығы 2945 сынама алынып, 7199 анықтау жүргізілді. Нәтижесінде 653 қоршаған орта нормативінен ауытқушылық белгілі болды.

Жиын барысында департамент басшысы облыс орталығы мен аудандардағы биологиялық тазарту стансалары, күріш қалдықтарын өртеу жағдайы және өзге де өзекті мәселелер жөнінде әңгімелеп берді. Ал Тыныштықбай Кеулімжаев Байқоңыр қаласы бойынша экология бағытында кездесіп отырған бірқатар проблемаларды ортаға салды. Атап айтқанда, бүгінде қаладағы жылу орталығы мазутпен жұмыс істейді. Оның қоршаған ортаға залалы орасан. Оған қоса газ бағасынан бірнеше есе қымбат. Сондай-ақ, сол аумақта иесіз қалған ракеталық шахталар жайы ойлантады. Бұл мәселелерге байланысты департамент басшысы жылу орталығын келешекте газға ауыстыру ойластырылып отырғанын жеткізді. Ал ракеталық шахталар мәселесін департамент тұрақты бақылауда ұстап отыр. Қоғам белсендісі Болат Нұрқожаевтың айтуынша, әр отбасы 3 тал егіп, оның өсіп шығуына көңіл бөлсе, аймақта көркейту-көгалдандыру мәселесін жақсартуға мүмкіндік туады.

Есеп беру жиынында өзге де мәселелер жан-жақты талқыланды. Жыл қорытындысымен сала бойынша үздіктер анықталып, оларға тиісті марапат жасалды.

«СБ» ақпарат.

Ғажап қой, тұғырда тұрысың

Ғажап қой, ғажап ұлы Абай,
Аз жасап, көп айтып үлгірген.
Өзінің туған елі үшін,
Көңілінде күн күлген.

Жүз жетпіс бес жыл толды,
Туғанына ақынның.
Тұғыры сәт сайын биіктеп,
Бізден оған жақын күн.

«Қор болып құрып барад деп,
Қалың елім – қазағым».
Тыңдата алмай ақылын,
Тартты-ау ойдың азабын.

Сүрінбей және құламай,
Өзгеден нан сұрамай.
«Әсемпаз болма әрнеге»
Еңбек ет, – дейді ұлы Абай.

Не керек босқа таласып,
Адасып жүрсің, адасып.
Сөзін ұқпаған халқына
Күйзелді және жаны ашып.

Бойкүйездікке оранған,
Халқыңды көріп ah ұрдың.
Жаман қылықтан арылып,
Ел болуға шақырдың.

Бірлікке үндеп ажарлы,
Айттың не істеу керегін.
Бұл күнде көрсең халқыңды,
«Бәрекелді» дер едің.

Сіз айтқан бес дұшпанды,
Демеңіз ойдан тыс қалды.
Жасырынып үшеу жүр,
Екеуі анық ұсталды.

Сіз айтқан бес асылды,
Халқыңыз жүзеге асырды.
Ауырдың жүріп астымен,
Өткіздік бір ғасырды.

Мыңмен жалғыз алысып,
Ақылдың тарттың азабын.
Тілегіңмен табысты,
Бұл күнде, Абай, қазағың.

Ұлысың, Абай, ірісің,
Қазақ елінің пірісің.
Күнге қарай жол сілтеп,
Ғажап қой, тұғырда тұрысың.

Рысты БЕКБЕРГЕНОВА,
ақын,
Қазақстанның құрметті
журналисі.

Үйрен, бәрі Абайда!



Уа, жас ұрпақ, тыңдап ұғып ал,
Пір тұтқан ақын, ғалымдар.
Тәңірдің берген қазаққа
Абайдай дана – бағы бар! } - 2 рет
Тәңірдің берген қазаққа
Абайдай дана – бағы бар! } - 2 рет
Абай – ақын, Абай – ән,
Абай – ұстаз, ақылман.
Ұлы өмірге жол ашып,
Нұрын төккен «алтын таң»! } - 2 рет
Ұлы өмірге жол ашып,
Нұрын төккен «алтын таң»! } - 2 рет
Махаббат, асыл сезімді,
Ақыл-ой, қайрат-төзімді.
Абайды терең танысаң,
Танығаның өзінді. } - 2 рет
Абайды терең танысаң,
Танығаның өзінді. } - 2 рет
Ұрпақтарым – ертеңім,
Ертеңім, өріс-өркенім.
Нағыз адам болсаңыз,
Абайды оқып, біл тегін. } - 2 рет
Нағыз адам болсаңыз,
Абайды оқып, біл тегін. } - 2 рет
Абайды оқып-білгенің,
Тереннен маржан тергенің.
Елдіктің сырын ұғынып,
Адам боп өмір сүргенің! } - 2 рет
Елдіктің сырын ұғынып,
Адам боп өмір сүргенің! } - 2 рет
Аумалы мынау заманда,
Анық бас қалқам, абайла!
Тіл мен дін, білім, ғылымың,
Үйрен, бәрі Абайда. } - 2 рет
Тіл мен дін, білім, ғылымың,
Үйрен, бәрі Абайда! } - 3 рет

Ән мен сөзін жазған
Мұрат СЫДЫҚОВ,
күйші-композитор,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері.

ҚАРИЯСЫ БАРДЫҢ – ҚАЗЫНАСЫ БАР

Жүсіпбектің жиені

Күнде әрі-бері үстінен өтіп жүрген ауылымыздың қара жолдары мен қырат-белдеріне тіл бітсе, небір әпсананың астарын сөгер еді. Бұл жерлердің баянында қаншама хикаяттар жатыр. Әне, ауыл шетінде өздерімен бірге бір-бір тарихты ала кеткен жарықтық шалдар «енді ештеңе айтпаймын» дегендей еңсесін жоғары ұстап, күмбездене қарап тұр.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

Ал, іздеген адамға арамызда сол асылдардың сынықтары әлі де бар. Солардың бірін мен жоқ қарап жүргендей таптым. Ол – Айдарлы ауылының 84 жастағы тұрғыны, шежіре қарт Асан Беркінбайұлы.

Бұл кісінің білгені бір бөлек, жиғаны бір төбе. Жиғаны – дүние-мүлік емес, құнды сөз, қызық мәліметтер, тарих ізі. Осыдан елу-алпыс жыл бұрынғы жарық көрген әртүрлі баспасөз беттеріндегі құнды деректер. Асан ақсақал оларды өз дәптеріне көшіріп жаза берген, жаза берген. Оның қолындағы осындай қалың дәптердің саны қазір қырықтан асыпты. Әр дәптерді нөмірлеп, мазмұнына қарай ат қойған. Медицина, әдебиет, атақты адамдар, ағайын тарихы, осылай кете береді. Тірі Google. Қарай қалсаңыз бас алмайсыз. Ғажап сырлар сандығын ашып, інжу-маржандарын төгеді. «Жұмбақтар» деп аталатын мына бір кітапты

парақтап көрелік. Айтып отырғаным негізі түптелген қалың дәптер, бірақ, көтеріп тұрған жүгі кітаптыкі, сондықтан кітап демеуге амалым жоқ.

Кітаптың алғысөзіне былай деп жазылыпты: «Жұмбақтың эстетикалық тәрбие беру, көркемдік ойды ұштау, дүниетану жағынан пайдасы зор. Ғылым мен техника жөніндегі жұмбақтар да бар (мысалы, «баласының саны көп, ал, өзінің жаны жоқ», жауабы: инкубатор).

Біздің жұмбағымыз сәл бөлектеу болып тұр. Өйткені ізденімпаз, көп оқыған, таным ауқымы кең жастар болмаса, мұның шешуі қиынға түспек».

Асан әкенің айтқанымен келісеміз. Енді жұмбақтардың өзіне назар аударайық: «Дүниежүзі жазушыларының арасында ең көп жазған жазушы француздық қаламгер екен. Ол 272 том еңбек жазып қалдырған. Бұл кім?». Тағы бір жұмбақ: «1895 жылы қазақ, башқұрт, татар тілдерінде қатар жазған ағартушы ақын қайтыс болды. Әмбебап ақынның аты-жөні кім?».

Басына білім толған замандасымыз Google де бұл жұмбақтарға жауап таба алмай қиналады, сенбесеңіз сұрап, өй-й, жазып көріңіз. Бұлардың жауабын осы кітапты теріс аударып, соңғы парақтарынан қарап таба аласыз. Біріншісінің жауабы – Александр Дюма, екіншісі – Мұхтахедин Мұхамедияров. Айтпақшы, жұмбақтың жасырылуы да, жауабы да рет санымен белгіленген.

Қырық бір дәптерге дендеп енсеңіз, ақ түйеңің қарны жарылар еді. Ал, біз шетжағалап қана айттық.

Енді әкейдің өз әңгімесіне кезек берейік.

***

Әкем Беркінбай кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында ауылсоветтің председателі болған. Ол кезде төраға деген сөз айтылмаған, сондықтан баяғы қалыптасқан атауымен қалдыра берейік.

Жиналыс па, мүмкін басқа бір себеппен шығар, 1926 жылдың бір күнінде әкемнің қызылордалық арғындармен бірге Шымкентке жолы түседі. Елдің игі жақсылары, олардың қасында әкем де бар, сол кезде Шымкент педагогикалық техникумының директоры болып тұрған Жүсіпбек Аймауытовқа сәлем бере барады. Сол барғанда әкемнің көзі Жүсіпбектің қарындасына түседі. Қарындасы Ырысай көркінді қыз екен. Әкем содан кейін қайта-қайта барып жүріп, ақыры сол қызбен, менің шешеммен бас қосады. Отбасының тұңғышы Ерназар, мен 1936 жылы дүниеге келгенмін. Маған дейін де балалар болған, олар шетінеп кетіпті.

Алаш арысы, көрнекті жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың 1937 жылы жалған жаламен ұсталып, ату жазасына кесілгенін бәріміз де білеміз.

Әкем мені сегіз айлығымда ұл баласы болмаған бауыры Рүстембекке құдай алдында сұраусыз деп берген. Сондықтан шешем туралы көп біле бермеймін. Білетінім, қиын тағдыр кешкен кісі. Әкемнен естуімше, ол кісілер үйленген соң Тартоғай стансасында тұрған. Сол станса басында нан сатып отыратын бір орыс шал болыпты. Бір күні ашыққан бір адам шалдың алдындағы нанды ала қашыпты. Шал тұра қуыпты, қасында балтасы жатады екен. Қашқан мен қуған дәл шешем қарап тұрған терезенің алдында кездесіп, шал ұрының басын балтамен шауып жіберіпті. Сонда көзі аңғалағынан сүйретіле шығып, шоршып жатқан жердегі басты көрген шешем шошынып, содан жүйке ауруына шалдығыпты. Көп ұзамай әкемді «халық жауының қарындасын алған» деген айыппен он жылға соттаған. Әкем онан әрі соғысқа кеткен.

Мұнан кейінгі шешемнің тағдырын айт не, айтпа не...

Жүсіпбек нағашымыздың артында Бектұр, Жанақ, Мәруа атты үш перзенті қалған. Бірақ, үшеуі де кеңес өкіметінің құғынына түсті. Ақыры... тастарды басына теуіп арындап аққан асау бұлақ кәусар бастауынан ұзап, арнасы тарылып, құмға сіңіп жоғалды.

Әкем соғыстан келіп, Меңеш шешемізбен бас қосты. Арқасындағы ауырлық, жүрегіндегі салмақ ол кісіні де алпыс жасқа жеткізбей бақилыққа алып кетті.

Мен ауылдың баласы болып өстім. Үлкен оқуға, қызметке талпынғам жоқ. Колхоз председателінің секретары, темір-терсек қоймасының меңгерушісі, совхоз кассирі деген сияқты жұмыстарды атқарып, бала-шаға, бау-шарбақ өсірдім. Қазір он баладан тараған немере, шөбере бар, шөпшектің де қолынан су іштім.

Ал, мынау өзің қызықтап отырған іс, бұл – менің хоббиім, сүйікті ермегім. Бәлкім, осы ермегімнің кейінгі ұрпаққа пайдасы тиер.

Әскер қатарына барған кезімде орыс тілінен қатты қиналдым. Намысым келді, сөйтіп орысша кітаптарды оқи бастадым. Мұнымды көрген командирім: «Сен бұл кітаптарды түсінбейсің, алдымен балаларға арналған кітаптарды оқы, сонымен тіл сындырасың» деп ақыл айтты. Сөйтсем, менің оқып жүргенім орыстың классик жазушыларының романдары екен. Командирім дұрыс айтыпты, балалар кітабының тілі жеңіл болды, сол арқылы орысша үйрене бастадым, еркін әңгімелесе алатын дәрежеге жеттім. Сол кездегі кітап оқуым менің оқуға деген құштарлығымды оятты, сөйтіп, кітапты көп оқитын болдым. Мерзімді баспасөздерді болса да жібермеймін. Газет-журналдардан қызықты деректер кездеседі, тастауға қимайсың, ұмытып қалғаның ұят сияқты, сондықтан мен оларды көшіріп жазып алып қоятынмын. Соның арты келе-келе әдетке айналды.

... Бұл – Асан әкенің әңгімесі. Көкірегі көмбе ақсақалдың маған айтқаны мұнан да көп.

Кейін бір керегіме жаратармын деп оларды жоғары алып қойдым.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Музей түні» өтті. «Музейдің ғажайып әлемі» атты шараға мәдениет қызметкерлері мен қылқалам шеберлері, өнер иелері және қала тұрғындары қатысты.

Музейдің ғажайып әлемі

Шараның мақсаты – музейдің ғылым ордасы ғана емес, мәдени-көпшілік орын екендігі туралы ұғым қалыптастыру. Сондай-ақ, қала тұрғындары мен қонақтарына мәдени-рухани демалыс сыйлап, музей қорындағы туындыларды насихаттау арқылы жұртшылықтың назарын еліміздің басты мәдени білім беру нысандары – музейлерге аударту.

– Біздің басты мақсатымыз – мәдениет пен өнер саласындағы жаңалықтарға, шараларға, мәдениет нысандарына тұрғындарды тарту, азаматтармен бірге «Рухани жаңғыру» мақаласын талқылау мақсатында қолға алынды. «Музей түні» – әлеуметтік маңызы бар акция. Ол халықты өткенін саралауға, бүгінін бағалауға ғана шақырмайды, бірлігін бекемдеуге, құндылығын қастерлеуге, сол арқылы бір мақсат, бір мүдде, бір ел аясына топтасуға үндейді, – дейді музейдің қор сақтаушысы Асылхан Асуатов.

Айта кету керек, шара барысында Алтын Орданың – 750 жыл, Әбу Насыр әл Фарабидің – 1150 жыл Абай Құнанбаев 175 жыл мерейтойы аясында «Өркениет шежіресі» атты кітап көрмесі және «Көненің көзі» атты этнография залында ұлттық дәстүрді дәріптеуге арналған көрініс, Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай «Майданнан келген хаттар» атты көрме, «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» атты театрландырылған көрініс, «Отбасылық кинотеатр музейде» қазақ ертегілері туралы анимациялық мультфильмдер топтамасынан көрсетілім қойылды. Сонымен бірге келушілер Алтын Орданың 750 жылдығына орай «Айбынды Алтын Орда» атты тақырыптық экскурсия, Әбу Насыр әл Фарабидің 1150 жылдығына орай «Әл Фараби әлемі», Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай «Абай – дана, Абай – дара» атты тақырыптық экскурсия әлемін тамашалады.

Кеш соңы жастардың мерекелік концертіне ұласты.

«СБ» ақпарат.

БАЙҚАУ БАЙҚАУ БАЙҚАУ

«Сыр бойы» газетінің 90 жылдығы аясында жас журналистер арасында Қалқабай Әбенов атындағы «Тоқсан жылдың толғауы» атты байқау жарияланады.

Жалпы ереже

1. Байқау облыстық деңгейде ұйымдастырылады.
2. Байқаудың үйлестірушісі және ұйымдастырушысы «Сыр медиа» ЖШС.

Байқаудың мақсаты:

3. Жас журналистер шығармашылығының дамуына қолдау көрсету.
4. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту.

Байқауды ұйымдастыру және оған қатысушыларға қойылатын талаптар:

5. Байқауды ұйымдастырып, өткізу мақсатында «Сыр медиа» ЖШС жанынан Ұйымдастыру комиссиясы құрылады.
6. Байқауға облыстық «Сыр бойы» газетінің қоғамдағы ролі, ғасырға жуық уақытта өңірдің рухани-мәдени дамуына қосқан үлесі, онда көтерілген маңызды мәселелер, талдау, зерттеу тұрғысындағы еңбектер, жалпы, басылымның ұстанған бағыты мен жетістіктері туралы да тақырыптар жіберіледі. Сондай-ақ, басылымда еңбек еткен қаламгерлер туралы тың деректер негізінде жазылған дүниелер қабылданады.
7. Байқауға бұрын-соңды жарияланбаған материалдар жіберіледі.
8. Байқауға жасы 35-ке дейінгі бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін тілшілер мен тәуелсіз қаламгерлер қатыса алады.
9. Байқау материалдары тиісті баспа және ақпарат құралдары жетекшілерінің ұсынысы бойынша қабылданады.
10. Байқауға әрбір қатысушы 2 не 3 материалын әрқайсысы 3 парақтан аспайтын көлемде ұсына алады. А-4 форматында, Times New Roman қарпімен, 14 мөлшерде, 1,0 аралықта терілуі керек. Байқау материалдарын сараптау барысында тақырыптың өзектілігі және маңызы, мазмұнның ашылу тереңдігі, шынайылығы, жанрлық шарттарға сәйкестігі, жаңа әдістерді қолданысқа енгізе білуі, тілі және стилінің ұғынықтылығы, зерттеу әдістерін енгізе білу ерекшелігі, ұтымды қолдана білуі есепке алынады.
11. Байқауға қатысушылар Ұйымдастыру комиссиясына (Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4 А, байланыс телефоны: 8 (7242) 40-02-17, мынадай құжаттарды қоса жібереді.

1) Төмендегі деректер көрсетілген өтініш: автор туралы мағлұматтар/туған жері, күні, айы, жылы;

- жұмыс немесе оқу орны, қызметі, тұрғылықты мекен-жайы, байланыс құралдары және 3х4 суреті.

2) байқау материалының қағаз нұсқасы.

12. Байқауға жіберілген материалдар авторларға қайтарылмайды.
13. Байқауға ұсынылған материалдарды қазылар алқасы бағалайды.

Байқауды өткізу және қорытындысын шығару тәртібі:

14. Байқау үш кезеңнен тұрады.

1) 2020 жылғы 5 қаңтар мен 5 наурыз аралығында байқауға қатысушылардан материалдарды қабылдау;

2) 2020 жылғы 10-18 наурыз аралығында материалдарды сараптау және жеңімпаздарды анықтау;

3) 2020 жылғы 20 наурызда байқау жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі.

15. Байқау жеңімпаздары Қалқабай Әбеновтің ұрпақтары атынан арнайы сыйлықтармен марапатталады.

Ұйымдастыру комиссиясы.

Алғыс білдіремін

Облыстық онкологиялық орталықтың химтерапия бөлімінің меңгерушісі Юн Викторияға, дәрігер Садуанова Данаға, медбике Ертаева Перизатқа және бөлім қызметкерлеріне алғысымды білдіре отырып, келе жатқан 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен және Наурыз мерекелерімен құттықтағым келеді.

Ақ халатты абзал жандар, сіздер медицинаның ауыр саласында еңбек етіп жүрсіздер. Сіздерге дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызда абыройлы, табысты болуларыңызға тілектеспін.

Жақан ТОҚТАРОВ, Еңбек ардагері, емделуші.

Қызылорда қаласының тұрғындары және қала қонақтары!

Сіздерді 5 наурыз күні сағат 10:00-де А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде өтетін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жырау Шәмшат Төлепованың 90 жылдығына арналған «Домбырасын моншақтаған жыр жауһарлары» атты қыз-келіншектердің облыстық жыр фестивалін тамашалауға шақырамыз.

Шара Қызылорда облыстық мәдениет архивтер және құжаттама басқармасы мен Қармақшы ауданы әкімдігінің қолдауымен өтеді.

Ұйымдастырушы: Қармақшы аудандық
мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі,
Көшеней Рүстембеков атындағы Жыраулар үйі,
Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі.

Жүргізушілер қабылдайды

«Қызылорда» автобус паркі» ЖШС қоғамдық көліктерге D санатты, жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес жүргізушілерді қабылдайды.

Мекен-жайы: Жібек Жолы №3 тұйығы, «Заводская» аялдамасы. Байланыс телефоны: 70-85-75.

(3-3)

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы Шиелі аудандық «Өскен өңір» газетінің қызметкері **Елтай Айыптың** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
“АҚ” - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 28789 | Тапсырыс №326 | Кезекші редактор **Әділжан ҮМБЕТ.**